QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
ÁDILET MINISTRLIGI

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Nur-Sultan qalasy,
«Ministrlikter úii», Máńgilik El dańǵyly, 8
tel. 8 (7172) 74-07-97, faks: 8 (7172) 74-09-54
e-mail:kanc@adilet.gov.kz

010000, город Нур-Султан,
«Дом министерств», проспект Мәңгілік Ел, 8
тел.8 (7172) 74-07-97, факс: 8 (7172) 74 09-54
e-mail: kanc@adilet.gov.kz

№_____

Атырау облысы
Индер ауданы
Индербор кенті
әкімінің аппаратына

Мемлекеттік органдардың интранет-порталына *(ПИ-82355)* келіп түскен Атырау облысы Индер ауданы Индербор кенті әкімінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 43 «Индербор кенті аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімі мемлекеттік тіркеуден өткендігін хабарлаймыз.

Әділет министрлігі тіркелген күні: 06.04.2022 жыл
№ 27461 тіркелген.

Вице-министр **Н. Пан**

А.Таңірберген
55-87-14

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕР АУДАНЫ
ИНДЕРБОР КЕНТІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ИНДЕРБОР
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2022 жылғы 05.04

№ 43

Индербор кенті аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 4-бабының 3-тармағы 2) тармақшасына және 48-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес **ШЕШТІМ:**

1. Индербор кенті аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Индербор кенті әкімінің орынбасары А.Габдуллинге жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы **Аты-жөні**

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕРБОР КЕНТІ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ИНДЕРБОР
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060200, Атырау облысы Индербор кенті
Көпбаев көшесі-№2«А»,тел/факс: 8-71234 2-18-26
e-mail:akim_inderbor@atyrau.gov.kz

Атырауская область,ул. п.Индербор
Кулбаева-№2 «А», тел/факс: 8-71234 2-18-26
e-mail:akim_inderbor@atyrau.gov.kz

№ 06-04-18/142
«24» 02 2022 жыл.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің вице-министрі
Н.Паиға

Мемлекеттік органдардың интранет-порталына (*ПИ-80775*) келісуге жолданған «Индербор кенті аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» Атырау облысы Индер ауданы Индербор кенті әкімінің шешім жобасына берілген ескертулер бойынша төмендегідей хабарлаймын.

Шешім жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі №756 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» қаулысын (бұдан әрі – Қаулы) басшылыққа ала отырып дайындалып, келісуге жолданылған болатын.

Аталған қаулының қосымшасымен бекітілген сыныптаманың 1-тармағының 2) тармақшасында «50-ден астам, бірақ 100-ден көп емес адамның тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылса, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай объектілікке жатады.» деп көрсетілген.

Өз кезегінде, 15.01.2022 жылы сағат 14:15-те екпіні 25 м/сек. болатын қатты желдің салдарынан Индербор кенті, Қонаев көшесі, 20 үйдің шатыры және М.Әуезов орта мектебінің төбе шатырлары ұшып кетті.

Осыған орай, аталған көп қатарлы *(40 пәтерлік)* тұрғын үйдің 4 және 5 қатарындағы пәтерлерінің *(16 пәтерлің 107 тұрғыны)* төбесінен қар ертіндісінің ағу салдарынан тұрғындардың қазіргі уақытта тіршілік әрекеті жағдайлары бұзылып, пәтерлеріне зақым келіп, шығындарға ұшыратты.

Күні бүгін аталған пәтерлердің тұрғындары келтірілген залалдың кесірінен қопыстану және тіршілік ету мүмкіндіктері болмай, ағайын-туыстарының үйін паналап келеді.

Орын алған жағдайларға қатысты тұрғындар тарапынан наразылық туындап, пәтерлеріне келтірілген залалды жойып, қалпына келтіруді сұрап отыр.

Алайда, тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру үшін алдымен, көп қатарлы тұрғын үйдің ұшып кеткен төбе жабындысын қайта қалпына келтіріп, жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

Сол себепті, жоғарыдағылардың негізінде, тұрғындардың тіршілік әрекеті жағдайларын қалпына келтіру және орын алған залалдарды жойып, шығындарды

өтеу үшін «Индербор кенті аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» кент әкімінің шешімі қабылдануы қажет.

Аталған шешім қабылданып, мемлекеттік тіркеуден өткен жағдайда, келтірілген шығынды өтеу мақсатында тиісті заңнамаларға сәйкес төтенше жағдай есебінен қаражат бөлініп, қалпына келтіру жұмыстары жоспарлануда.

Осы орайда, Сізден, айтылған мәселелерді ескере отырып, кент әкімінің шешім жобасына келісім беруіңізді сұраймын.

Жалғанды: фото-суреттер – 9 бетте; тұрғындардың арыз-шағымдары журналы – 7 бетте, тұрғындардың арыз-шағымдары – 30 дана.

Кент әкімі **А.Аймұратов**

Орындаған: А.Аймұратов
Телефон: 8 712 34 3-18-26
A.aimuratov@atyrau.gov.kz